

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел тарихында / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана: - 2014. - 266 б.
2. ҚР Конституциясы. Алматы: Қазақстан, 1995ж.
3. Сұлтанбай Ә. «Татулық пен тұрақтылық - береке бастауы»//Егемен Қазақстан, 2018, 27-сәуір.

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

Шаймұратова Ш.М., Сайдиқаримова Ч.Ш.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., аға оқытушы, Умбеталиева А.Д.

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті.

shugyla_shaimuratova@icloud.com

Алматы қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісі тарихи, рухани және саяси қырларымен талданады. Ұлттық бірегейліктің негізін құрайтын мәдени код, тарихи жады, дәстүр сабақтастығы және тәуелсіздік кезеңіндегі этносаралық келісім саясатының ролі қарастырылады. Еуразия кеңістігінде қалыптасқан қазақ этносының бірегей мәдени болмысы, оның ұлттық кодының тарихи тамырлары, сонымен бірге «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» бағдарламаларының маңызы жан-жақты ашылады. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық тұтастық пен қоғамдық келісімді нығайтудағы орны сараланады.

Түйін сөздер: Ұлттық бірегейлік, тарихи жады, рухани код, этносаралық келісім, мәдени мұра, Рухани жаңғыру, Қазақстан халқы Ассамблеясы

Жаһандану үдерісі әлемдік кеңістіктегі мемлекеттердің ішкі даму логикасына үлкен ықпал етіп отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, мәдени ықпалдастықтың күшеюі, еңбек қоныс аударуының артуы ұлттық мемлекеттерден жаңа талаптарды қажет етеді. Осындай жағдайда әрбір ел үшін тарихи-мәдени тамырды сақтап, қоғамның рухани тұтастығын нығайту - стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі. Қазақстан үшін бұл мәселе ерекше өзекті, себебі елдің көпэтносты құрамы, көпқабатты тарихи тәжірибесі және тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан саяси-мәдени трансформациялар ұлттық бірегейліктің жаңа үлгісін қалыптастыруды талап етеді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бағытында маңызды жұмыстар жүргізілді. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, ұлт көсемдерінің мұрасын зерттеу, ұлттық тарихтың жаңа концепцияларын әзірлеу - осының бәрі тарихи жадты жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен қатар «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Туған жер», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты ірі бағдарламалар ұлттық құндылықтарды қайта зерделеп, мәдени кодты сақтауға мүмкіндік берді. Бұл бастамалар ұлттық тарихтың толыққанды жүйесін қалыптастырып қана қоймай, көпэтносты қоғам жағдайында жалпыұлттық бірегейлікті күшейтуге негіз болды.

Осы тарихи-саяси контекстте Қазақстан халқы Ассамблеясының орны айрықша. 2025 жылы өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған Ассамблея - тәуелсіздік дәуірінде қалыптасқан, этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірегей институт. Ассамблея құрылған сәттен бастап елдегі барлық этностардың мәдениеті мен дәстүрін сақтау, дамыту, олардың құқықтық және әлеуметтік мүдделерін қорғау, азаматтық бірлікті күшейту бағытында жүйелі қызмет атқарып келеді.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау тек мәдени-рухани мәселе емес, сондай-ақ саяси тұрақтылық пен стратегиялық даму мәселесі болып табылады. Ұлттық бірегейлік - тарихи жадпен, мәдени кодпен, тілмен, салт-дәстүрмен, азаматтық жауапкершілікпен тығыз байланысты күрделі құбылыс. Қазақстанда бұл ұғымды жаңаша пайымдау көпэтносты қоғамды біріктіретін ортақ құндылықтар жүйесін қалыптастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда тарихи сананы жаңғырту, ұлттық тарихты жүйелі зерттеу, жас ұрпақтың тарихи-мәдени білімін арттыру - қоғамның рухани қауіпсіздігі мен болашақ дамуының маңызды алғышарттары. Сонымен бірге ұлттық бірегейлікті зерттеу - қазіргі қоғамдық дамудың мазмұнын терең түсінуге, жаһандану жағдайындағы мәдени өзгерістерді ғылыми тұрғыда талдауға және «Рухани жаңғыру» саясатының теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер ұлттық құндылықтарды сақтаудың, өзіндік

мәдени келбетті қорғаудың және қоғамның рухани жаңаруына жағдай жасаудың маңызды бөлігі болып табылады. Осылайша, Қазақстандағы ұлттық бірегейлік мәселесі - тек этносаралық келісімнің кепілі ғана емес, мемлекеттілікті нығайтудың, әлемдік өзгерістер жағдайында ұлттық мүддені қорғаудың және болашаққа бағытталған стратегиялық дамудың тірегі. Тәуелсіздік жылдары жүзеге асқан мемлекеттік бағдарламалар, Қазақстан халқы Ассамблеясының үш онжылдық тәжірибесі, тарихи жадты жаңғырту жұмыстары - Қазақстанның көпэтносты қоғам жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтап, оны жаңа сапалық деңгейге көтеру жолындағы маңызды қадамдары болып табылады.

Ұлттық бірегейлік түсінігі

Ұлттық бірегейлік дегеніміз - бұл халықтың өзіне тән коды, рухани мұрасы, мәдени салт дәстүрі, қанмен берілетін асыл қасиеті мен қазаққа ғана тән құндылығы. Ол адамның өз ұлтына, өз еліне, өз тіліне деген ғасырлар бойы жалғасқан тәрбиемен, ортақ тарихи жадымен бекітін ұлы сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі. Халқымыздың ұлттық бірегейлігі терең тамырлы. Бірегейлендірудің бірінші деңгейі - біздің азаматтық әрі саяси бірлігіміз деп айтуға болады. Біздің қазақсығандықтарда біртұтас саяси құндылықтар бар. Міндет осы құндылықтарды Қазақстан халқының азаматтық санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болса керек [1.1906.]. Осының арқауында еркіндікке құштар рух, жеті атасын білу, жер мен елге адалдық, үлкенді сыйлау, дархандық пен қонақжайлық, ел бірлігін сақтайтын мызғымас күші жатыр. Бұлар - тек тұрмыстық мінез емес, ұлттың болмысын айқындайтын ішкі рухани өзек. Қазақтың ұлттық кодының қалыптасуы ұзақ тарихи процесс арқылы жүзеге асты. Қазақстандағы ұлттық идеяның тарихи эволюциясы бірнеше ірі кезеңдерге бөлінеді. Алғашқы кезең - Қазақ хандығының құрылуы мен ұлттық мемлекеттіліктің орнығуы (XV-XVIII ғғ.). Бұл дәуір қазақ халқының этникалық тұтастығын, территориялық бірлігін және өзіндік мәдени-рухани жүйесін қалыптастырған кезең болды. Екінші кезең - Ресей империясының қоластына өтуі және отарлық басқару жағдайында ұлттық сананың жаңғыруы (XIX ғасыр). Бұл уақытта ұлт-азаттық қозғалыстар күшейіп, ұлттық идея еркіндік, жер тұтастығы және өзін-өзі басқару ұғымдарымен астаса түсті. Үшінші кезең - Кеңестік дәуір (XX ғасыр), мұнда тіл мен дәстүрге жасалған қысымға қарамастан, ұлттық сана жаңа мазмұнға ие болып, халықтың мәдени негіздері жүйеленіп қайта танылды. Төртінші кезең - Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық идеяның қайта түлеуі, жаңа мемлекеттік рәміздердің, құндылықтар жүйесінің және ұлттық тұтастықты айқындайтын идеологиялық негіздердің қалыптасуы [2].

Бұл қалыптасуға дала өркениетінің терең тәжірибесі, көшпелі өмір салтының ерекше мәні, түркілік мәдениеттің ықпалы, батырлар жыры, би-шешендердің дана өнегесі, эпостар мен аңыздар, сондай-ақ, ақын-жыраулардың рухани өнері дүниетанымызға зор үлесін қосты. Осы тұста, Р.С. Сартаева «ҚР ұлттық - мемлекеттік бірегейліктің қалыптасуы мәселесіне: саяси-құқықтық және мәдениеттанулық негіздер» атты мақаласында бірнеше маңызды тұжырым жасаған. Ол ұлттық - мемлекеттік бірегейлік «Қазақстандағы ұлттық - мемлекеттік бірегейлік пәрменді даму үшін интегралды сипат пен сындарлы әлеуетке ие болуы керек» деп атап көрсетеді. Яғни, бірегейлік тек этникалық құраммен шектелмей, саяси-құқықтық институттармен, мәдени құндылықтармен, тарихи дәстүрлермен өзара тоғысып, кешенді құрылым ретінде қалыптасуы қажет. Сонымен қатар, Сартаева ұлттық бірегейліктің қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мен мемлекеттік стратегиялық даму үшін маңызды екендігін баса көрсетеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде фашистік күштерге қарсы қиян-кескі ұрыс жерлерден мұнда жүздеген мың адам келді. Қазақстанға соғыс біткеннен кейін ірі өндірісті дамыту, тың жерлерді көтеру үшін байтақ Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен адамдар көшірілді. Қазақтар өз жерінде барлықтарын ашық құшақпен қабылдады. Ата-бабаларымыздың дәстүрі мұндай болып табылады. Халықтар достығы нығайтылып, онымен бірге ел де өсті [3].

Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық бірегейлікті жаңғырту тарихи тұрғыдан аса маңызды міндетке айналды. Себебі, жаһандану дәуірінде әрбір ұлт өз тамырын, рухани негізін сақтап қалғанда ғана әлемдік өркениет кеңістігінде тұрақты орнын сақтай алатын еді. Сол себепті Кеңес Одағынан қалған көпұлтты құрам мен этносаралық қатынастар жүйесін жаңа тәуелсіз мемлекеттің талаптарына сай қайта қалыптастыру қажеттігі туды. Дәл осы кезеңде қазақ халқы мен Қазақстандағы басқа этностар арасындағы байланыс қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі шартына айналды. Елдің ішкі саясаты да, мәдени өмірі де, әлеуметтік құрылымы да этносаралық келісім идеясынан алшақ кеткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін этносаралық қатынастарды реттеу аса маңызды мәселелердің бірі болды. Ел жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан тұста, көпұлтты қоғамда тұрақтылықты сақтау мемлекет үшін басты міндетке айналды. Осыған байланысты 1992 жылы өткен Қазақстан халықтарының Бірінші форумында Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздегі ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында жаңа қоғамдық институт құру туралы бастама көтерді [4]. Бұл қадам - алдағы

жылдардағы этносаралық саясаттың негізін қалады. Солардың ең маңыздысы - 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы болды. Бұл ұйым этносаралық қатынастарды үйлестіретін, қоғамдық келісімді нығайтатын ерекше азаматтық институт ретінде қалыптасты.

2005 ж. сәуірде «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы институтын нығайту жөніндегі» Жарлығы қабылданды. Бұған сәйкес Ассамблеяның белсенді қоғамдық институт ретіндегі ұстанымдары нығайтылды. Осылайша, азаматтық қоғамның әмбебап институты халықтық дипломатияның органына айналды. Осы кезеңнің өзінде 830-дан этномәдени бірлестіктерді біріктіріп, мемлекет пен азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін үйлестіретін қоғамдық келісімнің негізгі бөлігіне айналды. 2007 ж. ҚР Президентінің Жарғысына сәйкес Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы деп өзгертіледі. 2008 ж. қазанында қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы жөніндегі» ҚР Заңы Ассамблеяны еліміздің саяси жүйесінің толық құқықты субъектісі ретінде бекітіп, оның қызметінің нормативті-құқықтық реттелуін қамтамасыз етті. Осымен бірге, аталған Заң Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын қалыптастыру мен ұйымдастырудың мәртебесі мен тәртібін анықтап берді [5].

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық бірегейліктің дамуы

Қазақстан тәуелсіздік жылдары ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту мемлекеттік саясаттың басты бағытына айналды. Бұл кезеңде тарихи жадыны қалпына келтіру, ұлттық құндылықтарды жаңғырту, мәдени мұраны сақтау және рухани-идеологиялық негіздерді күшейту бағытында жұмыстар жүргізілді.

Осы тұста, Елбасымыздың Тарих толқынында еңбегінде «Халықтың тарихи жадын сақтамайынша, ұлтты қалыптастырып дамыту мүмкін емес, ал тарихи өткен жолымыздың елеулі кезеңі қашан да, қайда да ұлттық мемлекеттіліктің пайда болған уақыты болып табылады. Бұл арада мемлекеттілік құрылымының тұрпаты сол кезде жарамды болған болмағаны есепке алынбайды да» делінген және де осы пікірімен толықтай келісеміз [1,208б.]. Өйткені, 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан соң тарихи зертеулерде тоталитарлық кезеңнің цензурасы алынып тасталды. Сол кездегі ең өзекті міндеттердің бірі - тарихи жадыны қалпына келтіру, ұлттық сананың терең қабаттарын жаңғырту болды. Кеңестік кезеңде идеологиялық себептермен бұрмаланған, жасырылған немесе біржақты түсіндірілген көптеген тарихи оқиғаларды қайта зерттелуі елдің рухани жаңғыруына шешуші әсер етті. Ең алдымен 1993 жылы сталиндік қуғын-сүргін, ашаршылық, депортациялар, ұлт қайраткерлерінің тағдыры сияқты ақтандақтар ғылыми негізді дәлелденіп, шынайы бағасын ала бастады және арнайы комиссиялар құрылып, құпия архивтер біртіндеп қолжетімді болды. Осы кезеңде Алаш қозғалысының мұрасы да елге қайта оралды. Кеңес дәуірінде «ұлтшыл» деп айыпталған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді тұлғалардың еңбектері ақталып, олардың идеялары мен ағартушылық қызметі ұлттық тарихтың тұтас бір бөлігі ретінде қайта бағаланды. Алаш қайраткерлерінің саяси көзқарастары, мемлекеттік басқару жөніндегі ойлары, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресі ғылыми айналымға еніп, оқу бағдарламаларына енгізілді.

Ал, 1992 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты туралы» заң қабылданып, архив ісін реттейтін құқықтық база жасалды. Бұл заң архивтердің мәртебесін анықтап, олардың негізгі міндеттерін, құжаттарды жинау, сақтау, жүйелеу, пайдалануға беру тәртіптерін белгіледі. Сонымен қатар, елдің архивтік қорларын цифрландыру кең көлемде жүзеге асырылды. «Электронды архив», «Қазақстанның тарихи картасы» жобалары арқылы мыңдаған құжаттар цифрлық форматқа көшіріліп, зерттеушілерге және қоғамға қолжетімді болды. Бұл тарихи деректердің ашықтығын қамтамасыз етіп, ұлттық тарихты жаңаша талдауға жағдай жасайды.

Тәуелсіздік жылдары ұлттық тарихты жаңа ғылыми тұжырымдамалық негізінде жүйелеу де өзекті бағытқа айналды. 2013 жылы Елбасымыздың бастамасымен жаңа бағдарлама басталды. Мақсаты - Қазақстан тарихын әлемдік контекстте қайта жазу, шетел архивтеріндегі құжаттарды толық зерттеу: «Халық тарих толқынында» бағдарламасы шетел архивтеріндегі деректерді жинақтап, Қазақстанның көне дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихын жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Түркі әлеміне ортақ мәдени мұралар, көшпелілер өркениетінің ролі, Қазақ хандығының тарихи орны ұлттық тарихнаманың негізгі өзегіне айналды. Осы зерттеулер нәтижесінде көптомдық академиялық басылымдар жарық көріп, отандық тарих ғылымы жаңа деңгейге көтерілді. Осылардың барлығы - тәуелсіздік кезеңінде тарихи жадының қайта жаңғыруы мен ұлттық тарихтың толыққанды, шынайы қалыптастыруына бағытталған ауқымды жұмыстардың нәтижесі болып есептеледі.

Ұлттық бірегейлік пен тарихи жады: «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының сабақтастығы

2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртудың жүйелі мемлекеттік стратегиясы бекітілді. Бағдарлама аясында Қазақстанда ұлттық

сананы жаңғырту, ұлттық бірегейлікті сақтау және халықтың мәдени-рухани әлеуетін арттыруға бағытталған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ұсынылған бұл бағдарлама еліміздің идеологиялық дамуының маңызды құралы болып табылады. Бағдарламаның негізгі бағыттарына латын әліпбиіне көшу, «Жаңа гуманитарлық білім», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Туған жер» және «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобалары кіреді. Бұл жобалар ұлттық құндылықтарды қазіргі заман талаптарына бейімдеуге, қоғамның мәдени-рухани деңгейін көтеруге және тарихи тәжірибені ескере отырып, дәстүрлер мен мәдениетті сақтауға бағытталған. Сонымен қатар, заманауи технологиялар мен цифрлық мәдениеттің дамуы ұлттық құндылықтардың жаңаша қалыптасуына ықпал етеді. 2020 жылдан бастап білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды насихаттау күшейтілді. Мектептерде тарих, әдебиет, мәдениет пәндерінде ұлттық идеяларды оқыту жүйесі жаңартылды, оқушылар мен студенттерге тарихи экскурсиялар, ғылыми жобалар мен олимпиадалар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, электронды мұрағаттар мен онлайн платформалар арқылы тарихи материалдар мен әдеби шығармалар қолжетімді болды. Сөйтіп, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда ұлттық құндылықтарды жаңғырту - тек өткенді сақтау ғана емес, оны қазіргі заман талабына сай бейімдеу, ұлттық сана мен руханиятты нығайту процесі болып отыр. Тарих, тіл, дәстүр және мәдениет арқылы халық өз бірегейлігін сақтап, рухани дамуға жол ашады. Мемлекеттік қолдау, білім беру жүйесі мен қоғамдық бастамалар ұлттық құндылықтарды жаңғыртудың басты құралдары ретінде қызмет етеді.

Мәдени мұраны сақтау және рухани-идеологиялық негіздерді күшейту. Мәдени мұраның басты мақсаты - халықтың ұмытылғанын қайта табу, өшкен тарихи жадыны жаңғырту, бар мұрамызды көрсету және тарихымызды қайта тірілту болып табылады. Мәдени мұраның бірнеше бағыттары бар. «Бағдарламаның бірінші бағыты халықтың мәдени мұрасының байлығы арқылы қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігін дамытуға және нығайтуға бағытталған. «Мәдени мұраның» екінші маңызды бағыты – ұлттық рухани қазына байлығының әлемге танылуы болса, үшінші бағыты – ұлттық мәдени мұраны зерделеу жүйесін құру: тарих, философия, этнография, тіл, әдебиет, кескіндеме, музыка және т.б» [6]. Ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуда тарихи жадының рөлі шешуші болып табылады. «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламалары халықтың мәдени және рухани құндылықтарын сабақтастыра отырып, ұлттық сана мен тарихи танымды жаңғыртуды көздейді.

Соңғы жылдары қоғамда Сенатты реформалау немесе оның құрылымын қайта қарау туралы пікірталастар ұлттық идея тұрғысынан да өзекті мәселенің біріне айналды. Өйткені мұндай өзгерістер мемлекеттің басқару формасына ғана емес, сонымен бірге саяси мәдениетке, өкілділік принципіне және ұлттық бірегейлікті институционалды деңгейде іске асыру тетіктеріне әсер етуі мүмкін. Сенаттың рөліне қатысты пікірлер - билік тармақтары арасындағы теңгерімді, аймақтар мүддесінің көрініс табуын және мемлекеттік тұтастық қағидаларын қайта ойлануға жетелеп отыр. Бұл - ұлттық идеяның эволюциясының жаңа кезеңінде қоғамның саяси санасы мен мемлекеттілік туралы түсінігінің тереңдеп келе жатқанын көрсететін үрдіс.

Қорыта айтқанда, жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау - кез келген мемлекет үшін стратегиялық маңызды міндеттердің бірі. Қазақстан үшін бұл мәселенің маңызы одан да жоғары, себебі еліміздің көпэтносты құрамы, тарихи тәжірибесінің күрделілігі және тәуелсіздік кезеңіндегі саяси-модернизациялық өзгерістер ұлттық сананы жаңаша пайымдауды қажет етеді. Тәуелсіздік жылдарында тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, оның ішінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, Алаш мұрасын ғылыми айналымға қайта енгізу, архивтерді ашу, тарихи зерттеулерді кеңейту - ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғыртудағы ірі қадамдар болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы халқымыздың рухани қазынасы жүйелі түрде зерттеліп, материалдық және материалдық емес мұралардың ел мен әлемге таныстырылуы ұлттық бірегейліктің мәдени-идеологиялық негізін нығайтты. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық құндылықтарды заманауи талаптарға бейімдеуге, жастардың тарихи-мәдени танымын кеңейтуге және ұлттық сананы жаңаша деңгейде қалыптастыруға жол ашты. Бұл екі бастаманың сабақтастығы Қазақстанның рухани кеңістігін жаңғыртудың тұтас жүйесін қалыптастырып, ұлттық құндылықтардың үзілмейтін эволюциясын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық тәжірибесі еліміздің этносаралық келісім моделінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Ассамблея тек этностардың мәдени мұрасын сақтауға ғана емес, сонымен бірге азаматтық біртұтастық пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды институтқа айналды. Оның қызметі мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғамның өзара ықпалдасу механизмдерін жетілдіріп, көпэтносты қоғамда үйлесімді өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдарында жүргізілген мемлекеттік реформалар, тарихи сананы жаңғырту, мәдени құндылықтарды жүйелеу және этносаралық татулықты институционалды түрде нығайту Қазақстанда бірыңғай ұлттық кеңістіктің қалыптасуына негіз болды. Ұлттық бірегейлік ұғымы енді тек этникалық өлшеммен шектелмей, азаматтық жауапкершілік, мемлекетшілдік, тарихи жады, тілдік және мәдени тұтастық секілді көпқырлы мазмұнға ие болды.

Бүгінде ұлттық бірегейлік - тек рухани ұғым ғана емес, елдің саяси тұрақтылығы мен дамуының негізгі тірегі. Тарихи жадының жаңғыруы, ұлттық құндылықтардың сақталуы, мәдени мұраның үздіксіз дамуы және қоғамдағы келісімнің бекемдігі Қазақстанның болашаққа сенімді қадам басуына мүмкіндік беріп отыр. Осылайша, ұлттық бірегейлік мәселесі - мемлекеттілікті нығайтатын, қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және Қазақстанның өркениеттік дамуын айқындайтын басты стратегиялық бағыттардың бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА. - Алматы: Атамұра, 2003. - 288 бет.
2. Асанби Ж.И. Қазіргі Қазақстанның Ұлттық идеясы және рухани жаңғыру үдерісіндегі Ұлттық бірегейліктің қалыптасуы // Астана қ., Қазақстан. Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ» № 4 (85) Том 1. АПРЕЛЬ 2025 г
3. А.Т. Кребаева., А.И. Шалтыков. Абая Ассамблея народа Казахстана - вечная защита единства нашего многонационального народа. // Абай атындағы ҚазУПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №2(49), 2017 ж.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // www.akorda.kz
5. Е.А. Абдраимов, Т.С. Садықов, С.К. Кабылтаева Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан // Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихы және қазіргі кезеңдегі қызметі. Серия «История. Философия». № 1(109)/2023
6. “Мәдени мұра” - Ұлттық бірегейлік жоба // Жанақова Н.Т. тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның қазіргі заман тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасының доценті, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Алматы қ., Қазақстан, ЭОЖ 94(574): 373.016 DOI 10.48371/ISMO.2021.43.1.004

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ, ЕЛІМІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Жеңісбек А.А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кентбек С.Қ.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
zhenisbekakerke@gmail.com
Қарағанды қ.

2025 жылғы 8-қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына өзінің дәстүрлі Жолдауын жариялағаны мәлім. Бұл құжат - еліміздің алдағы дамуын айқындайтын басты стратегиялық бағдар ретінде маңызды рөл атқарады. Жолдау аясында Президент экономиканы әртараптандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру, адами капиталды дамыту, жасанды интеллект дәуіріне дайын болу, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету сынды мәселелерге басымдық бергендігі аян.

Президент өз Жолдауында: Қазақстан - әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық. Менің негізгі мақсатым - осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі, өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл - баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет. Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі бұл - еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, кейінгі жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды. Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр.